



## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

10 қазан 2023 жыл

№ 736 – ЦЗ

Астана қаласы

город Астана

### Ұйым стандартын бекіту туралы

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік салаларындағы оқиғаларға тергеп-тексеруді ұйымдастырудың және жүргізудің бірыңғай қағидаттарын белгілеу мақсатында, 2018 жылғы 4 шілдедегі №43-АҚ Серіктестік туралы келісімнің 1-тармағының 19) тармақшасына, 3-тармағының 1) тармақшасына, 6-тармағының 18) тармақшасына сәйкес, 2016 жылғы 28 шілдедегі №82-АҚ Серіктестік туралы келісімнің 1-тармағының 15) және 17) тармақшаларына, 3-тармағының 1) тармақшасына, 2023 жылғы 17 мамырдағы №23-АҚ Серіктестік туралы келісімнің 1-тармағының 19) тармақшасына, 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында оқиғаларды, олардың түпкі себептерін анықтай отырып, басқару» АҚ СТ 2.01-2023 ұйым стандарты бекітілсін.
2. «Ұйым стандартын бекіту туралы» 2020 жылғы 16 маусымдағы №370-ЦЗ бұйрығының күші жойылған деп танылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Бас инженер – Техникалық саясат  
департаментінің директоры

Б. Котырев



Орынд. Омаров М.М. – Цтех  
+7 (7172) 603422



**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы**

**ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕҢШЛЕС  
ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚИҒАЛАРДЫ, ОЛАРДЫҢ ТУПКІ СЕБЕПТЕРИН  
АНЫҚТАЙ ОТЫРЫП, БАСҚАРУ»  
АҚ СТ 2.01-2023**

**Астана**

## **Алғысөз**

### **1 Техникалық саясат департаментімен ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛГЕН**

**2 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Бас инженері - Техникалық саясат департаменті директорының 2023 жылғы «10» қаңтардағы №736-ИЗ бүйрығымен БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛГЕН.**

**3 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының Басқарушы директоры – Бас инженерінің 2020 жылғы 16 маусымдағы №370-ЦЗ бүйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында оқиғаларды, олардың түпкі себептерін анықтай отырып, басқару» стандартының **ОРНЫНА ЕҢГІЗІЛГЕН.****

**«Осы ұйым стандартының «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басылып шығарылуы, көбейтілуі және таратылуы мүмкін емес»**

## Мазмұны

1	Колданылу саласы .....	1
2	Терминдер, анықтаулар және қысқартулар .....	1
3	Жалпы ережелер .....	3
4	Оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейлері.....	4
5	Алғашқы іс-қимыл және хабарлау.....	4
6	Оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны құру .....	5
7	Тергеп-тексеру үшін ақпарат пен фактілер жинау .....	7
8	Оқиғаларды тергеп-тексеру, түпкі себептерді анықтау және талдау .....	8
9	Тергеп-тексеру нәтижелерін ресімдеу .....	8
10	Түзету іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту және оның мониторингі	9
11	Алынған қорытындылар және олар туралы ақпарат тарату .....	11
12	Жауапкершілік .....	11
	А-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейлерінің критерийлері	12
	Б-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиғаларды тергеп-тексеруге қойылатын негізгі талаптар .....	13
	В-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиға туралы ақпаратты басқарудың желілік деңгейіндегі бөлімшелерінен корпоративтік деңгейге беру схемасы .....	14
	Г-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиға туралы бастанқы ақпарат.....	15
	Д-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиға бойынша жедел ақпарат.....	16
	Е-қосымша ( <i>ақпараттық</i> ). Тергеп-тексеру элементтері және түпкі себептерді анықтау әдістемесі .....	17
	Ж-қосымша ( <i>ақпараттық</i> ). Ықтимал түпкі себептер тізбесі .....	22
	К-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиғаларды есепке алу журналы .....	26
	Л-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Тәртіптік шараларды қолдану туралы мәліметтер	27
	М-қосымша ( <i>міндетті</i> ). Оқиға бойынша бюллетень .....	28

**ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**

---

**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС**

**ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚИҒАЛАРДЫ, ОЛАРДЫҢ ТҮПКІ СЕБЕПТЕРИН**

**АНЫҚТАЙ ОТЫРЫП, БАСҚАРУ**

---

Енгізілген күні \_\_\_\_\_

### **1 Қолданылу саласы**

Осы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында оқигаларды, олардың түпкі себептерін анықтай отырып, басқару» стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының Еңбек және Экологиялық кодекс нормаларына сәйкес өзірленген және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік салаларында оқигаларды тергеп-тексеру және оқигалардың түпкі себептерін анықтау тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы Стандарттың ережелерін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелерінде және еншілес ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік салаларындағы оқигаларды қызметтік тексеруді жүргізу кезінде қолданады.

### **2 Терминдер, анықтаулар және қысқартулар**

Осы Стандартта тиісті анықтаулары бар келесі терминдер, анықтаулар және қысқартулар қолданылады:

**2.1 «ҚТЖ» ҰК» АҚ - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.**

**2.2 АҚП -** оқиганың түпкі себептерін талдау.

**2.3 БиОТ -** еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

**2.4 Оқиға иесі -** оқиға болған «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшесі/еншілес ұйымдары.

**2.5 «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы -** «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары.

**2.6 ЕҰ -** «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары, дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызы меншіктілік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа тиесілі, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар.

**2.7 Қоршаған ортаның ластануы -** қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсі, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, дірілдің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің әсері.

**2.8 ИСПБиे** «Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі біріктілген жүйе» автоматтандырылған басқару жүйесі.

**2.9 Тұпкі (негізгі) себептер** – оқиғаның тікелей себебінің болуына немесе туындауына мүмкіндік жасаған жағдай.

**2.10 Жазатайым оқиға (еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға)** – оның салдарынан өндірістік жарақаттану, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе жұмыскердің, жіберуші тарап жұмыскерінің улануы орын алған, жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың олардың еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына немесе өліміне апарған, жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе тапсырмаларын орындаған кезде жұмыскерге, жіберуші тарап жұмыскеріне, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі.

**2.11 Оқиғалардың тұпкі себептерін анықтау** – тергеп-тексеру жөніндегі комиссия, оның барысында фактілерді, дәлелдерді жинайтын және тексеретін, оқиғаның тұпкі себептерін анықтайтын және алынған қорытындыларды қалыптастыратын (ұқсас себептердің қайталануына жол бермеу үшін) процесс.

**2.12 ҚӘ** - қауіпті әрекет.

**2.13 ҚЖ** - қауіпті жағдайлар.

**2.14 ЖТ** - қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтату.

**2.15 Оқиға** – еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға, экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін оқиға, оның ішінде жазатайым оқиға.

**2.16 Қәсіптік ауру (қәсіби ауру)** – жұмыскер өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындастырылған созылмалы немесе ауыр ауру.

**2.17 Мердігерлік ұйым** – шартқа (келісімшартқа) сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының аумағында немесе мұдделерінде жұмыстарды орындастын, қызметтер көрсететін немесе тауарлар мен материалдарды жеткізетін және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасына әсер ете алатын занды немесе жеке тұлға.

**2.18 Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық диалогы** - жұмыскер жұмыс орындаған кезде, оның жұмыс орнын және кейіннен онымен өндірістік қауіпсіздік аспектілері туралы сұхбат жүргізген кезде оның іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бақылау процесі.

**2.19 Зардапсыз оқиғалар (Near-Miss)** - аварияға, жазатайым оқиғаға апармаған, адамдардың денсаулығына зиян келтірмеген және т.б., бірақ жоғарыда аталған барлық зардаптарға апаруы ықтимал оқиға.

**2.20 Жұмысшылардың өкілдері** – кәсіподактар мен олардың бірлестіктері, ал олар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда, жұмыскерлердің

жалпы жиналышына (конференциясына) қатысушылардың көпшілік даусымен сайланған және уәкілеттілік берілген сайланған өкілдер.

**2.21 Қауіпсіздік қызметі (Қызмет)** – өздерінің функцияларына «ҚТЖ» ҮК» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы саясатын іске асыруды қамтамасыз ету кіретін «ҚТЖ» ҮК» АҚ және оның ЕҰ басқарудың барлық деңгейлеріндегі құрылымдық бөлімшелер.

**2.22 Өлімге апарған оқиға** - жазатайым оқиға мен өлімнің арасындағы уақыт мерзіміне байланыссыз өндірістік жарақаттың салдары болып табылатын зардап шегушінің өліміне апарған оқиға.

**2.23 Тұрақты жалпы еңбекке қабілеттілікті жоғалту оқиғасы** – жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде денсаулығына зиян келтіруге апарған оқиға, жұмыскерді тұрақты еңбекке жарамсыздыққа және медициналық көрсеткіштері бойынша жұмысты тоқтатуға (аяқ-қолынан айырылу, бастың ауыр жарақаты, көру қабілетінің жоғалуы) апаратын және еңбек міндеттерін толық көлемде орындауга кедергі жасайтын, т.б. 1 және 2-топтағы мүгедектікті белгілеу.

**2.24 Денсаулығы күйінің нашарлауы** – жұмыскер, еңбек міндеттерін орындаған кезде денсаулығына зиян келтіруге апарған оқиға, оған жұмыскердің жұмыс орнында денсаулығының кенеттен нашарлауы нәтижесінде және еңбек қызметінің нәтижесінде немесе оған байланысты пайда болатын аурудың жедел және созылмалы күйлері, соматикалық және психикалық бұзылулар жатады. Зиянды факторлардың әсері мен денсаулығы күйінің нашарлауы арасындағы уақыт кезеңі қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

**2.25 Экологиялық қауіпсіздік** - адамның, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен өмірлік маңызды мұдделерінің қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсері нәтижесінде туындастын қатерлерден қорғалуы күйі.

Осы Стандартта өзге де ұғымдар мен анықтаулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және «ҚТЖ» ҮК» АҚ ішкі құжаттарында көзделген мағыналарда пайдаланылады.

### 3 Жалпы ережелер

3.1 Барлық оқиғалар тексеруге және есепке алуға жатады.

3.2 Осы стандарт төмендегілер бойынша талаптарды белгілейді:

оқиғалар туралы хабарлау рәсімі;

оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу;

құжаттарды ресімдеу рәсімі;

оқиғалардың есебін жүргізу.

3.3 Стандартта тергеп-тексерілетін оқиғалардың келесі түрлері қаралады:

жазатайым оқиға;

зардаптары жоқ оқиғалар (Near-Miss);

кесіптік аурулар;

қоршаған ортаға теріс әсер ететін оқиғалар.

3.4 Оқиғаларды тергеп-тексеру келесі міндеттерді орындау арқылы іске асырылады:

- оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейін анықтау;
- оқиғаларды тергеп-тергеп-тексеру жүргізу ;
- оқиғаның түпкілікті себептерін анықтау;
- түзету іс-шараларын орындау.

#### **4 Оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейлері**

4.1 Оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейі олардың түріне және болуы мүмкін және нақты зардаптардың ауырлығына байланысты.

4.2 Осы Стандарттың А-қосымшасында оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейлерінің критерийлері жазылған. Тергеп-тексерудің әр деңгейіне қойылатын негізгі талаптар осы Стандарттың Б-қосымшасында көрсетілген.

#### **5 Алғашқы іс-қимыл және хабарлау**

5.1 Оқиға иесі:

1) зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсетуге және қажет жағдайда, оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыруға;

2) егер бұл басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмесе, ал өндірістік процестің үздіксіздігін бұзы аварияға апармаса, тергеп-тексеру басталғанға дейін еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға орнындағы жағдайды (жабдықтар мен механизмдердің, еңбек құралдарының күйін) оқиға болған сәттегідей сақтауға, сондай-ақ авария болған жерді фотоға түсіруге;

3) зардап шеккен адамның жақын туыстарына жазатайым оқиға туралы дереу хабарлауға және осы Стандарттың В-қосымшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хабарламалар жіберуге;

4) арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшелерін еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру үшін оқиға орнына жіберуге міндетті.

5.2 Оқиға иесі бір тәулік ішінде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы:

1) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға;

2) қауіпті өндірістік объектілерде болған жазатайым оқиғалар кезінде өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне;

3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық амандығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне кәсіптік ауру немесе улану оқиғалары туралы;

4) жұмыскерлердің өкілдеріне;

5) жазатайым оқиға болған жердегі құқық қорғау органдына, және арнайы тергеп-тексеруге жататын жағдайларда, өндірістік және ведомстволық бақылау

және қадағалаудың уәкілетті органдарына дереу хабарлайды.

5.3 Оқиғаның иесі қоршаған ортаның ластануымен болған оқиға туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті мемлекеттік органға оқиға анықталғаннан кейін 2 сағат ішінде хабарлайды.

5.4 «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын басқару деңгейіне желілік басқару деңгейінің бөлімшелерінен оқиға туралы хабарлау осы Стандарттың В-қосымшасына сәйкес жүргізіледі, бұл ретте желілік басқару деңгейінің бөлімшелері оқиға туралы ақпарат алу схемасын өз бетімен пысықтайды.

5.5 Оқиға иесі оқиға туралы бастапқы ақпаратты Стандарттың Г-қосымшасына сәйкес нысан бойынша дайындаиды және Жоғары деңгейде тұрған қызметке жібереді, оқиғаны ИСПБ-те (24 сағат ішінде) тіркейді. Компанияның желілік басқару деңгейіндегі қызмет тексерудің 2 және 3 деңгейлеріндегі оқиғалар туралы алғашқы ақпаратты «ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және экология жөніндегі инспекцияға жібереді.

5.6 «ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және экология жөніндегі инспекциясы жазатайым оқиға туралы хабарламаны алғаннан кейін 24 сағат ішінде осы Стандарттың Д-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ол туралы ақпаратты («Найзагай») дайындаиды және оны ИСПБ-ға енгізеді.

5.7 Оқиға иесі дереу, бірақ жазатайым оқиғаның болғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыскерді, ол еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде, жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру үйіміна хабарлайды.

## **6 Оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны құру**

6.1 Еңбек қызметіне байланысты ауыр, өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар мен топтық жазатайым оқиғалар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен арнайы тергеп-тексеруге жатады.

6.2 Арнайы тергеп-тексеруге жататын оқиғаларды қоспағанда, оқиғаларды тергеп-тексеруді жұмыс берушінің актісімен құрылатын комиссия жиырма төрт сағат ішінде, жазатайым оқиғалар үшін – өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесі туралы қорытындыны алған сәттен бастап мынадай құрамда (тегеп-тексерудің 0 және 1-денгейіндегі оқиғалардан басқа) жүргізеді:

1) төраға - оқиға иесінің басшысы немесе оның орынбасары, ал олар болмаған кезде - жұмыс берушінің уәкілетті өкілі;

2) мүшелер - оқиға иесінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің басшысы және жұмыскерлердің өкілі;

3) қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі өнірлік ревизорлар аппаратының жұмыскери – «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ жұмыскерлерін жылжымалы құрамның қағып кетуі нәтижесінде болған жазатайым оқиғалар кезінде.

6.3 Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға болған тиісті участкедегі еңбек қауіпсіздігі үшін тікелей жауапты лауазымды тұлға, тергеп-тергеп-тексеру жүргізу кезінде комиссия құрамына енгізілмейді.

6.4 «ҚТЖ» ҮК» АҚ және ЕҰ өкілдері, қажет жағдайда, «ҚТЖ» ҮК» АҚ және ЕҰ аумағында және объектілерінде болған мердігерлік ұйымдар жүргізетін оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысады.

6.5 Қазақстан Республикасының (ҚР) оқиғаларды арнайы тергеп-тексеруге қойылатын талаптары:

6.5.1 Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды арнайы тергеп-тексеру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

6.5.2 Төменде көрсетілген оқиғаларды тергеп-тексеруді арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия жүргізеді:

- ауыр немесе өлімге апаратын жазатайым оқиғалар;
- жарақаттардың ауырлығына қарамай, екі және одан көп жұмыскермен бір мезгілде болған топтық жазатайым оқиғалар;
- ауыр уланудың топтық жағдайлары.

6.5.3 Мемлекеттік еңбек инспекторы арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып табылады. Арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына оның мүшелері ретінде жұмыс беруші (оқиғаның иесі) және жұмыскерлердің уәкілетті өкілі енгізіледі.

6.5.4 Оқиға иесінің Қауіпсіздік қызметі жазатайым оқиға болған сәттен бастап арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрылғанға дейін ақпарат пен фактілерді жинауға кірісуі тиіс. Бұл ретте, зардап шеккен жұмыскер өлген жағдайда, жұмыс корпоративтік басқару деңгейі өкілінің, топтық – желілік басқару деңгейінің өкілінің қатысуымен орындалады. Арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрылған сәттен бастап «ҚТЖ» ҮК» АҚ және ЕҰ өз әрекеттерін тоқтатуға міндетті, қатар тергеп-тексеруге рұқсат етілмейді.

Егер қажет болса, «ҚТЖ» ҮК» АҚ, ЕҰ арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия өз жұмысын аяқтағаннан кейін өз тергеп-тексеруін бастай алады.

6.5.5 Қауіпті өндірістік объектідегі авария салдарынан техногендік сипаттағы ТЖ кезінде болған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде комиссия төрағасы болып өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің өкілі тағайындалады.

6.5.6 Арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына сондай-ақ:

- қауіпті өндірістік объектілерде, сондай-ақ электр энергетикасы саласы үйымдарында болған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде,
- өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор және мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға;

- ауыр улану жағдайында – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулық саласындағы мемлекеттік органның өкілдері;

- басқа үйымның аумағында орналасқан және онда жұмыстар жүргізіп жатқан үйымның жұмыскерімен немесе өндірістік тапсырманы (қызметтік немесе шарттық міндеттерді) орындау үшін басқа үйымға жіберілген

жұмыскермен болған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға жағдайында – аумағында жазатайым оқиға болған үйымның уәкілетті жауапты өкілі енгізіледі.

## **7 Терегеп-тексеру үшін ақпарат пен фактілер жинау**

7.1 Оқиғаны терегеп-тексеру кезінде комиссияның талабы бойынша оқиға иесі төмендегілерді:

1) техникалық есептеулерді орындауды, зертханалық зерттеулерді, сынақтарды, басқа да сараптамалық жұмыстарды жүргізуі және осы мақсатта сарапшы-мамандарды тартуды;

2) оқиға орнын және бүлінген объектілерді суретке түсіруді, жоспарларды, эскиздерді, схемаларды жасауды;

3) терегеп-тексеру жүргізу үшін қажет көлікті, қызметтік жайды, байланыс құралдарын, арнайы киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын беруді;

4) мыналарды:

жұмыс орнының күйін, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың (жоспарлардың, эскиздердің, схемалардың, ал қажет жағдайда – оқиға орнының фото - және бейнематериалдарының және басқалардың) болуын сипаттайтын құжаттарды;

зардап шеккендердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалардан өтуін және білімін тексеру хаттамаларын тіркеу журналдарынан үзінді көшірмелерді, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға күәгерлерінен және лауазымды адамдардан сұрау хаттамаларын («Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды терегеп-тексеру материалдарын ресімдеу жөніндегі нысандарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1055 бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша ресімделеді), зардап шеккендердің түсініктемелерін, мамандардың сараптамалық қорытындыларын;

зертханалық зерттеулер мен эксперименттердің нәтижелерін;

зардап шеккен адамның денсаулығына келтірілген зиянның сипаты мен ауырлығы дәрежесі, немесе оның өлімінің себебі туралы, алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас болу белгілерінің болуы (болмауы) туралы медициналық қорытындыны;

зардап шеккенге арнайы киім мен басқа да жеке қорғану құралдарын беруді растайтын құжаттардың көшірмелерін;

осы өндірісте (объектіде) бұрын берілген мемлекеттік еңбек инспекторлары мен аумақтық мемлекеттік қадағалау органы лауазымды адамдарының үйғарымдарынан үзінді көшірмелерді (егер оқиға үйімда немесе осы органның бақылауындағы объектіде болған болса);

комиссияның қалауы бойынша істі қарауға қатысы бар басқа да құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етеді.

## **8 Оқиғаларды тергеп-тексеру, түпкі себептерді анықтау және талдау**

8.1 Оқиғаны тергеп-тексеру мерзімі комиссия құрылған күннен бастап он жұмыс күнінен артық болмауы тиіс.

Тергеп-тексерудің белгіленген мерзімдерде аяқталуына объективті кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде, тергеп-тексеру мерзімдері комиссияның хаттамалық шешімімен екі реттен артық болмайтындей он жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

8.2 Оқиғаларды тергеп-тексеру осы Стандарттың 7-бөлімінде көрсетілген анықталған, алынған және құжатталған ақпараттың, материалдар мен фактілердің, сондай-ақ тергеп-тексеру материалдарының негізінде жүргізіледі.

8.3 Оқиғаның түпкі себептерін олардың түріне және ауырлық дәрежесіне қарай анықтау мақсатында, түпкі себептерді анықтаудың түрлі әдістемелері қолданылады. Оқиғаларды тергеп-тексеру элементтері мен түпкі себептерді анықтау әдістемелерінің сипаты осы Стандарттың Е-қосымшасында берілген.

8.4 Оқиғалардың ықтимал түпкі себептерінің тізбесі осы Стандарттың Ж-қосымшасында берілген.

8.5 Жазатайым оқиғалар – соны адам өлімімен немесе ауыр (мүгедектікпен) аяқталған топтық жазатайым оқиғалар орын алған кезде, оқиғаның иесі арнайы тергеп-тексеру комиссиясының алдында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1019 бұйрығымен бекітілген Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерінің 36-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, кінәлі жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін кезектен тыс тексеруден өтуі туралы шешім шығаруына бастамашылық жасайды.

8.6 Қызметтік тергеп-тексеру осы Стандарттың А-қосымшасына сәйкес аяқталу шарттары орындалған жағдайда, аяқталған болып саналады.

## **9 Тергеп-тексеру нәтижелерін ресімдеу**

9.1 Оқиғаларды тергеп-тексеру туралы материалдардың құрамына тергеп-тексеру кезінде пайдаланылған барлық құжаттар (ақпарат, материалдар, фото/видео, схемалар, қуәгерлік айғақтар, анықтамалар және т.б.), ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік уәкілетті органдарға жіберілген құжаттардың көшірмелері, оқиғаның белгіленген түпкі себептері туралы ақпарат енгізіледі.

9.2 Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1055 бұйрығымен бекітілген Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу бойынша нысандарға сәйкес жүргізіледі.

9.3 Комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері материалдардағы ақпараттың қисындылығын және оны ұсыну сапасын тексереді.

9.4 Барлық деңгейдегі оқиғаларды тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, оқиғаны тергеп-тексеру материалдарын оқиға иесінің қауіпсіздік қызметі ИСПБ «Оқиғаларды басқару» модуліне енгізеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1055 бұйрығына сәйкес ресімделген еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның қуәгерлері мен лауазымды тұлғаларды сұрау хаттамалары сканерленген нұсқада ИСПБ-ға енгізілуі мүмкін.

9.5 3-деңгейдегі оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін, желілік басқару деңгейінің бөлімшесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та және оның еншілес ұйымдарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жекелеген жергілікті актісімен бекітілген топтық жазатайым оқиғалар мен өлімге және мугедектік салдарына апарған жазатайым оқиғалар туралы талдау есебін жасау әдістемесіне сәйкес талдау материалын дайындауды және оны «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясаты департаментіне жібереді. Бұл ретте аталған талдау материалында басқарудың желілік деңгейіне тән түзету шаралары (іс-шаралары) көрсетілуі тиіс.

9.6 Оқиға иесінің қызметі оқиға туралы деректерді осы Стандарттың К-қосымшасына сәйкес Оқиғаларды есепке алу журналына енгізеді.

9.7 Оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі материалдар оқиға иесінде сақталады.

9.8 Уақыт өткеннен кейін ауыр немесе өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар санатына өткен еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар туралы, жұмыс беруші (оқиғаның иесі), тиісті жергілікті еңбек жөніндегі инспекциясы органына, басқарудың желілік деңгейдегі қызметіне (тәулік ішінде), ал сақтандыру жағдайлары туралы - сақтандыру ұйымына хабарлайды. Одан әрі хабарлау осы Стандарттың В-қосымшасына сәйкес тәртіппен жүргізіледі.

## **10 Түзету іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту және оның мониторингі**

10.1 Тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін Оқиға иесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке жергілікті актісімен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдарында қауіптерді және экологиялық аспекттерді сәйкестендіру, өндірістік қауіпсіздік саласында тәуекелдерді бағалау және басқару» стандартына сәйкес қауіптерді және экологиялық аспекттерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді жоспардан тыс сәйкестендіруді жүргізеді.

10.2 Оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша және қауіптерді және экологиялық аспекттерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді жоспардан тыс сәйкестендірудің нәтижелерінің негізінде, Оқиға иесі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке жергілікті актісімен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы

және оның еншілес үйымдарында сәйкессіздіктерді, ұсынымдарды басқару және түзетулерді, түзету іс-қимылдарын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, түзету іс-қимылдары (іс-шаралары) жоспарын өзірлейді және бекітеді.

10.3 Түзету іс-қимылдары (іс-шаралары) жоспарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерін, еншілес үйымдарын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы филиалдарын және еншілес үйымдарын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ерекше жұмыс режиміне ауыстыру қағидаларында белгіленген шарттармен және тәртіппен ерекше жұмыс режиміне ауыстыру қамтылуы тиіс.

10.4 Оқиға иесі Жоғары тұрған басқару деңгейіндегі қызметке төмендегілерді:

- түзету іс-қимылдарының орындалуы туралы есепті;
- осы Стандарттың Л-қосымшасына сәйкес оқиғаға қатысты жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолданылғаны туралы мәліметтерді жібереді.

10.5 Басқарудың желілік деңгейінің қызметі барлық көзделген іс-шаралардың орындалуын, олар толық орындалғанға дейін бақылайды және қадағалайды, және де содан кейін ғана оларды бақылаудан алып тастайды. Қорытынды есеп оқиғаға қатысты тораптық, өнірлік және желілік басқару деңгейлерінің жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтерді қоса отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Еңбек қауіпсіздігі және экология жөніндегі инспекциясына осы Стандарттың Л-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

10.6 Желілік деңгейдегі басқару қызметтері әр тоқсанның, жылдың қорытындылары бойынша және қажет жағдайда түзету іс-қимылдарының нәтижелілігіне мониторинг жүргізеді және талдайды.

10.7 Өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде анықталған бұзушылықтардың себептерін жоюға бағытталған жұмыстарды үйымдастыруға тиімді бақылау орнату мақсатында орындалған жұмыстар туралы есептерді тындаудың төмендегі тәртібі белгіленеді:

- айна кем дегенде 2 рет – өнірлік деңгейдегі басшының тораптық деңгейдегі басшыларды тындауы;
- айна кем дегенде 1 рет – желілік деңгейдегі басшылардың өнірлік деңгейдегі басшыларды тындауы;
- тоқсанына кем дегенде 1 рет – желілік деңгейдегі басшыларды бас инженердің – Техникалық саясат департаментінің директорының тындауы.

## **11 Алынған сабактар және олар туралы ақпарат тарату**

11.1 Оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Еңбек қауіпсіздігі және экология жөніндегі инспекциясы З жұмыс күні ішінде осы Стандарттың М-қосымшасына сәйкес Оқиға туралы ақпараттық парақ – Бюллетень дайындейдайды.

11.2 Оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ

құрылымдық бөлімшелерінің және ЕҰ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметтің талдау үшін кіріс деректер болып табылады.

## **12 Жауапкершілік**

12.1 Оқиға літуралы жедел ақпаратты жасырғаны немесе беруді кешіктіргені үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және «ҚТЖ» ҰК» АҚ жергілікті актілеріне сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ЕҰ жұмыскерлеріне жүктеледі.

12.2 Оқиғалар туындаған жағдайдағы әрекетсіздігі немесе оқиғаларды оқшаулау және олардың зардаптарының теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қолданбағаны, оның ішінде осы Стандарттың 5-бөлімінде көзделген талаптарды орындағаны үшін, оқиға иесі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

12.3 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Еңбек қауіпсіздігі және экология жөніндегі инспекциясы құрылымдық бөлімшелер мен ЕҰ-лардың оқиғаларды есепке алуы және олардың түзету іс-шараларын жүзеге асыруы үшін жауапты болады.

12.4 «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын басқару деңгейі қызметі Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік салаларындағы оқиғаларды тергеп-тексеруді басқару жөніндегі процесті әдіснамалық қамтамасыз ету және жетілдіру үшін жауапты болады.

**А-қосымшасы**  
(*mіндемті*)

**Оқиғаларды тергеп-тексеру деңгейлерінің критерийлері**


Салдары	Тергеу деңгейі				
	3-деңгей	2-деңгей	1-деңгей	0-деңгей	
Адамның жаракаттануы	Өлімге апаратын жазатайым оқига Тұракты жалпы еңбекке жарамсыздығымен жазатайым оқига Топтық жазатайым оқига ВУЗ – деңсаулықтың кеңеттен нашарлауы (өлім)	Еңбекке жарамсыздыққа апарған жазатайым оқиғалар (3-деңгейге жаткызылған оқиғаларды қоспағанда)	Еңбекке жарамсыздыққа апармаған жазатайым оқиғалар	Салдары жоқ оқиғалар (Near-Miss)	
Коршаған ортаниң ластануы	Коршаған ортаға нормативтен тыс әсер ететін экологиялық аспект. 40 000 АЕК астам залал.	Коршаған ортаға нормативтен тыс әсер ететін экологиялық аспект. 400 АЕК-тен 40 000 АЕК-ке дейінгі залал.	Коршаған ортаға нормативтен тыс әсер ететін экологиялық аспект. 400 АЕК-ке дейінгі залал	Салдары жоқ оқиғалар (Near-Miss)	
Тергеп-тексерудің аяқталуы шарты:	<b>Корпоративтік деңгейде қабылданған құжатталған шешімдер</b> (комиссия тергеп-тексеру актісіне қол қойғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде)		<b>Желілік деңгейде қабылданған құжатталған шешімдер</b> (комиссия тергеп-тексеру актісіне қол қойғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде)	<b>Тораптық деңгейде қабылданған құжатталған шешімдер</b>	

**Б-қосымшасы***(міндетті)***Оқиғаларды тергеп-тексеруге қойылатын негізгі талаптар**

	<b>Тұпкі себептерді анықтау әдістемесі</b>	<b>Тергеп-тексеру комиссиясының болуы</b>	<b>Оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі сарапшы</b>	<b>Тергеп-тексеру туралы есепті жасау мерзімі</b>
Талаптар	<b>0 және 1-денгейлер</b>	«Бес неге» әдісін қолдану ен төменгі талап болып табылады	Комиссияны құру міндетті емес, тергеп-тексеруді, қажет жағдайда, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторды тарта отырып, бір адам (оқиға иесінің жұмыскері) да жүргізе алады	Тергеуді оқиға иесі немесе «Бес неге» тергеу әдісі бойынша тергеу дағыларын менгерген басқа уәкілетті тұлға жүргізеді.
	<b>2-денгей</b>	«Себептер ағашы» әдісін қолдану	Комиссия құру міндетті	Оқиғалардың тұпкі себептерін талдау дағыларын менгерген қауіпсіздік қызметінің жұмыскері
	<b>3-денгей</b>	«Себептер ағашы» әдісін немесе іс жүзіндегі тәжірибемен танылатын басқа әдістерді қолдану	Арнайы тергеп-тексеру мақсатында құрылған комиссия	Комиссия мүшесі

**В-қосымшасы**  
(miндемтi)

**Оқиға туралы ақпаратты басқарудың жөлілік деңгейіндегі  
бөлімшелерінен корпоративтік деңгейге беру схемасы**



Г-қосымша  
(міндетті)

**Оқиға туралы бастапқы ақпарат**

<b>24 САФАТ ІШІНДЕ ЖІБЕРІЛЕДІ</b>									
<b>1. Жалпы ақпарат</b>									
Есеп №:		Жасалды:							
Жасалған күні:									
<b>2. Оқиға болған жер</b>									
БК және ЕҰ		Филиал		Кәсіпорын					
Шаруашыл ық	Өнір	Елді мекен	Станция	Участке / цех	Аралық	Жолдама	Км, ПК	баскасы (көрсету керек)	
Оқиға деңгейі									
Мекенжай:									
Банк деректемел ері	БСН:					Банктің атауы:			
<b>3. Оқиғаның мән-жайы</b>									
Оқиға болған күн:						Уақыты:			
Кімге хабарланды									
Оқиға түрі:									
Зардаптары:		Жаракат зардаптары: <input type="checkbox"/> есінен тану <input type="checkbox"/> жаракатты ампутациялау <input type="checkbox"/> кайтыс болу (каза болу) <input type="checkbox"/> басқа				Зарқымдалған органдар			
<b>4. Оқиғаның қыскаша сипаты</b>									
<b>Фото, оқиға болған орынның схемасы</b>									
<b>5. Қабылданған әрекеттер</b>									
<b>6. Зардан шегуші туралы мәліметтер</b>									
Т.А.Ә., туган күні:									
Кәсібі:		Енбек өтілі:				Жынысы:			
Лауазымы:		Жасы:							
Асырауындағы адамдар:									
<b>7. Тапсыруышының Т.А.Ә.</b>									
Лауазымы									
Күні	Уақыты:		Қолы						
<b>8. Қабылдаушының Т.А.Ә.:</b>									
Лауазымы									
Күні	Уақыты:		Қолы						

**Д-қосымша**  
(*mіndemti*)

**Оқиға бойынша жедел ақпарат**

<b>Оқиға бойынша жедел ақпарат № _____</b>		
<b>1. Оқиға туралы жалпы ақпарат</b>		
<b>Күні:</b>	<b>Уақыт:</b>	<b>Оқиға атауы:</b>
<b>2. Оқиғаның қысқаша жағдайлары</b>		<b>3. Фото</b>
<b>4. Тапсырмалар (орындауга арналған іс-шаралар):</b>		
<b>5. Дайындаған:</b> Т.А.Ә. Лауазымы: e-mail, тел.		<b>6. Қол қойған:</b> Т.А.Ә. Лауазымы: e-mail, тел.

**Е-қосымша**  
(ақпараттық)

**Тергеп-тексеру элементтері және түпкі себептерді анықтау әдістемесі**

**1. Оқиғалардың хронологиясын және (немесе) дәйектілігін жасау**

Оқиғамен байланысты іс-әрекеттер әр оқиғаның басталу уақытын жылдам анықтау үшін уақыт дәйектілігімен құрылады.

0, 1-денгейдегі оқиғаны тергеп-тексеру кезінде бұл кезең қолданылмайды. Дәйектілікті құру үшін оқиғалар хронологиясы қолданылады. Мысалы:

Күні	Уақыты	Оқиға
1-шілде		Соңғы тексеру (сығымдау)
17-шілде	09:00	Жылыстау байқалмаған
	?	Жылыстау пайда болды
	10:17	Мердігер иіс сезіп, жылыстауды анықтады
	10:30	Қызмет көрсетуші қызмет жылыстау туралы хабарлама алды
	10:37	Қызметкер жылыстауды жою үшін қажетті саймандарды әкелді
	10:38	Химиялық заттар буының қызметкерге әсері
	10:41	Қызметкерді құтқару
	11:35	Жылыстау жойылған


Оқиғалардың хронологиясын құру үшін төмендегілер қажет:

хронологияны жұмыс қалыпты режимде болған сәттен бастау, бұл ретте оқиғаға уақыты бойынша бірнеше күн, апта немесе тіпті ай бұрын артқа оралу қажеттілігінң туындауы мүмкін;

барлық белгілі фактілерді көрсету керек. Бұл күәгерлерден сұрау, жасалған жазбаларды тексеру барысында, ірітелген ұлғілерді талдау нәтижесінен алынған ақпарат және т.б. болуы мүмкін;

егер олар оқиға ауқымының ұлғауына ықпал еткен болса, оқиғаның зардалтарын жою жөніндегі іс-кимылды хронологияда көрсету керек.,

Күрделі оқиғаларды тексеру кезінде оқиғалардың схемасы сипатталады. Мысалы:



## 2. Қорғау жүйелерін анықтау

Оқиғаның түпкі себептерін анықтауға кіріспес бұрын оқиға барысында қатыстырылуы мүмкін барлық қорғаныс жүйелерінің тізімін жасау қажет.

Корғау жүйесі деп техникалық құралдар немесе оқиғаның өзінің ықтималдығын немесе оның зардалтарының ауырлығын төмендететін кез-келген бақылау жүйесі (рәсімі) түсініледі.

Мысалы:

1) техникалық құралдар:

көп функционалды техникалық құралдар кешені (КТСМ);

ажырату жүйелері және/немесе дабыл сигналдары (сигнализация);

өрт сөндіру жүйесі;

қауіпті анықтау жүйесі;

авариялық сына тәрізді ысырмалар (кері клапандар) және т.б.;

2) бақылау жүйесі және рәсімдер:

жұмыс рәсімдері, нұскаулықтар;

кәсіптік оқыту (біліктілік);

профилактикалық қызмет көрсету (техникалық қызмет көрсету, жоспарлы алдын алу жұмыстары);

жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістері (наряд-рұқсат беру және (немесе) жұмыстарды жүргізу актілері), қауіптерді сәйкестендіру және қауіптерді бағалау;

жеке қорғану құралдары (орындалатын жұмысқа сәйкестілігі) және т.б.

Оқиғалар дәйектілігінде тиісті қорғаныс жүйелерінің күйі байқалады (мысалы: авариялық тоқтату жүйелерінің іске қосылуы, сигнализация жүйесінің ақаулы жұмысы және т.б.). Бұл оқиғага себеп болған бірде-бір себепті өткізіп алмауга көмектеседі.

Корғау жүйесін (жүйелерін) анықтау үшін төмендегі сұрақтарға жауап табу қажет:

Қандай жүйелер бар және шынымен қайсысы жұмыс істеді?

Қандай жүйелер бар және қайсысы жұмыс істемеді?

Жүйелерді объективті түрде анықтау үшін, қажет жағдайда, сарапшы-мамандарды (қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі маман, механик, энергетик, автоматтандыру жөніндегі маман, өрт сөндіруші және т.б.) тартылуы тиіс.

## 3. Түпкі себептерді анықтау

Оқиғаның қайталанбауына пәрменді ұсыныстарды әзірлеу үшін оқиғаның негізгі факторлары және оның түпкі себептері белгіленеді.

АКП жүргізу процесінде себептерді анықтаудың келесі түрлері пайдаланылады:

физикалық себеп;

адам факторы немесе мінез-құлық себебі;

жүйелік деңгейдегі түпкі себептер.

Оқиғаны тергеп-тексерудің жақсы ойластырылған әдістері адам факторымен байланысты мінез-құлық себептерін ғана емес, басқару жүйесіндегі түпкі себептерді ашуға мүмкіндік береді.

Түпкі себептерге талдау жүргізу үшін талдаудың үш әдісі қолданылады: «бес неге», «Исикаваның диаграммасы», «Себептер ағашы».

«Себептер ағашы», «Исикаваның диаграммасы» әдістері оқиғалардың аса күрделі жағдайларын тексеру кезінде қолданылуы мүмкін.

«Бес неге» әдісі күрделі емес оқиғалар үшін ғана қолданылады.

Ұсынылған нұскаларды физикалық және мінез-құлық себептері деңгейінде қабылдау немесе қабылдамау процесінде жасалған болжамдарды нақтылық мәніне мұқият тексеру керек. Мүмкін себептерді тексеру және жою үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

көзбен бақылау;

тестілеу және зертханалық талдау;

сарапшылардың пікірі;

алдыңғы тәжірибе.

Тексеру нәтижелерін құжаттау және болжамды себептерді брактау үшін бұл ақпарат тікелей «Себептер ағашы» схемасына жазылады.

Оқиғаның түпкі себептерін анықтау үшін Оқиғалардың ықтимал себептерінің тізбесін пайдалану қажет (осы Стандарттың 3-қосымшасы).

Түпкі себептерді анықтау аяқталғаннан кейін тізбе жасалады және осы оқигаға барынша әсер еткен ең маңызды себептер анықталады.

5-10 түпкі себептердің болуы күрделі жағдайлар үшін қалыпты болып табылады, бұл ретте олардың 2 немесе 3-үі оқиғаның ықтималдығына неғұрлым күшті әсер етуі мүмкін.

### **3.1 «Бес неге» әдісі**

«Бес неге» әдісі «Себептер ағашының» жеңілдетілген нұсқасы болып табылады.

Бұл әдіс қарапайым оқиғаларды тексеру кезінде бір адамның немесе кішкене топтың қолдануы үшін жасалған. Талдау процесі және міндеттер, мынаны қоспағанда «Себептер ағашы» әдісіне ұқсас: «Бес неге» әдісі, оларды жойғанда, осы оқиғаның алдын алуға болатын бір немесе екі түпкі себептерді анықтауға назар мен күш-жігерді шоғырландыруды болжайды.

«Бес неге» әдісі бойынша талдауды келесі кезеңдерге бөлуге болады:

Жоғарғы деңгейдегі оқиғаны анықтау.

«Неге?» сұрағын қоя отырып, оқиғаның себептерін зерттеу. Мұны схемада көрсетілгендей графикалық түрде немесе жазбаша түрде орындауға, сұрақтар мен жауаптарды жазуға болады.

Әр деңгейде, одан әрі қозғалmas бұрын алынған нәтижені тексеріңіз. Жорамалдар жасамаңыз.

Түпкі себеп бесінші «Неге?» сұрағына жауап берген кезде анықталуы мүмкін. Алайда, түпкі себепті іздеу 5-тен астам сұраққа жауап іздеуді талап етуі мүмкін. Жүйелік деңгейдегі себепке жеткенше талдауды жалғастырыңыз.

Оқиғаның бір немесе екі түпкі себептерін анықтаңыз, оларды жою оқиғаның алдын алуға мүмкіндік беруі мүмкін.

Егер талдау барысында, сіз, бірнеше «бұтақтың» және бірнеше түпкі себептің пайда болғанын анықтасаңыз, бұл «Себептер ағашы» әдісін пайдалана отырып, тергеп-тексеруді жалғастыру керек дегенді білдіреді.

### 1-схема. Құрамдас бөліктерді көрсете отырып, «Бес неге» схемасын құру үлгісі



### 3.2 «Себептер ағашы» әдісі

Себептер ағашын құрган кезде себептердің өте қарапайым, бірақ күшті логикалық себептерін мен кейінгі нәтижені пайдаланады.

«Себептер ағашы» әдісі бойынша талдауды келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1. Схеманың жоғарғы жағында бастапқы оқиғаны көрсетіңіз.
2. Бастапқы оқиғага тікелей себеп болған екі немесе одан да көп әрекетті немесе шарттарды анықтаңыз.
3. Содан кейін логикалық ағаштың әр «бұтағын» соңына дейін өндөңіз. Бастапқы әрекеттерге немесе жағдайларға **нақты** әкелуі мүмкін барлық физикалық және мінез-құлыш себептеріне «ми» шабуылын жүргізіңіз. Бұл кезеңде «Неге?» сұрағы пайда болады. Жауап беру керек сұрақ, «Бұл неге пайда болған?» түрінде тұжырымдалады.
4. Осы Ағаштың құрылышын оқиғаның жүйелік себептері анықтағанға дейін жеткізіңіз.

## 2-схема. Құрамдағы боліктердің көрсете отырып, «Себептер ағашы» схемасын құру үлгісі



- После определения первого уровня причин, двигайтесь далее вниз по схеме, ветвь за ветвью вплоть до окончания каждой ветви.
- Обычно сначала возникает одна или несколько физических причин, за которыми стоят одна или более человеческих причин, за которыми следует одна крепкая причина на системном уровне.
- При добавлении каждой следующей ступени, задавайте вопрос: "Является ли это непосредственной причиной события или причины, указанной в прямоугольнике непосредственно вверху?"
- Каждая ветвь может закончиться в трех случаях:
  - Обнаружена коренная причина.
  - Выявлено нормальное условие.
  - Предлагаемая причина не является фактором происшествия.

## Ж-қосымша

(ақпараттық)

## Ықтимал түпкі себептер тізбесі

Ж. I-кестесі

1. Тікелей себептер		
1	2	3
1.1.1 Жұмыс істеп тұрған қауіпті техникалық құралдарға қызмет көрсету	<p>Рұқсат ету-нарядының жұмыс істеу</p> <p>Қысым/кернеу астындағы объектілермен /жабдықпен жұмыс істеу.</p> <p>Жұмыс істеп тұрған жабдыққа техникалық қызмет көрсету.</p> <p>Жерге косусыз жұмыс істеу.</p>	<input type="checkbox"/>
1.1.2 Жеке қорғану құралдарын колданудан бас тарту	Жеке корғану құралдарын (ЖҚҚ) пайдаланбау, мысалы: көзілдірік, қолғап, қорғаыш аяқ киім, маска және т.б.	<input type="checkbox"/>
1.1.3 Қауіпсіз емес киім кио	Тайғанақ аяқ киім, ұзын жең, бос галстук сияқты қауіпсіз болмайтын жеке заттарды кио, ұзын шашты жайып жіберу	<input type="checkbox"/>
1.1.4 Құралдар мен жабдықтарды дұрыс колданбау	Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды олар арналмаған жұмыста пайдалану	<input type="checkbox"/>
	Көлік құралдарын, құрылымдық салындарын, жабдық крандарын, қысымдағы ыдыстарды, электр беру желілерін және т.б. артық жүктеу	<input type="checkbox"/>
